




Жұлдыз ы аспан

Жер бетінің кез келген орнынан бір мезетте аспан күмбезінен құралсыз көзбен үш мыңға тарта жұлдызды көруге болады. Оларды танып білмек үшін адамдар өте ерте заманда жұлдыздардың өзара орналасуын жан-жануарларға немесе басқа нәрселерге ұқсатып топтастырып, оларға шокжұлдыз атауларын берген.



Марс та, Шолпан да, құйырықты жұлдыз да жай тілмен жұлдыз есептеледі. Дегенмен, арнаулы мағынада жұлдыз тек күн секілді өзінен жарық шығаратын алып аспан денесіне ғана қаратылады. Яғни Марс та, Шолпан да жұлдыз емес, ғаламшар, Құйрықты жұлдыз да жұлдыз емес, Қара құрдым да бұл мағынада жұлдыз есептелмейді. Жұлдыз тек Күн секілділер. Демек, астрономия ғылымында жұлдыз сөзін біз жалпы тұрмыстық мағынасында емес, арнайы мағынасында ғана түсінуге тиіспіз.

Шоқжұлдыз дегеніміз – аспанның нақты шекарасы анықталған белгілі бір бөлігі.

Шоқжұлдыздардың атаулары ежелгі гректер мен римдіктердің мифологиясынан алынған (мысалы, Андромеда, Персей, Дельфин, т.б.) немесе егін, мал, аң шаруашылығына (мысалы, Сиыршы, Балықтар, Қоян, т.б.) байланысты қойылған, кейінірек белгіленген шоқжұлдыздардың аттары техниканың дамуына (мыс., Секстант, Микроскоп, т.б.) байланысты қойылды.

Аспанда барлығы 88
шоқжұлдыз белгіленген.
Шоқжұлдыздардың 31-і
аспанның солтүстік
Жартышарында, 48-і оңтүстікте,
ал қалғаны 9-ы аспан
экваторында орналасқан.



Елестетілген Арыстан шоқжұлдызы
(1690ж.)



Leo



**Аспандағы Арыстан
шоқжұлдызы**

Жетіқарақшы (лат. Big Dipper) — аспанның солтүстік жарты шарындағы [Үлкен аю шоқжұлдызының](#) ең жарық жеті жұлдызы. Аталған жеті жұлдыз шөміш пішінді иіліп солтүстік аспаннан өте анық көрінеді және ол [Темірқазық](#) жұлдызын жердің өз өсінде айналуына орай әр күні айналып жүргендей көрінеді. Жетіқарақшының жеті жұлдызының ішінде 1,8 [жұлдыздық шамаға](#) дейін жалтырап көрінетін ең жарық жұлдыз — Ырық ([Алиот](#)) пен Ерік ([Дубке](#)) есептеледі.




Егіздер (лат. Gemini Астротаңбасы ♊) – Солтүстік аспан жарты шарындағы сары жолақты өңірдегі шоқжұлдыз. Оның көлемі 513.76 шаршы градус болып, бүкіл ашық аспан көлемінің 1.245% ұстайды. Ол аспандағы 88 шоқжұлдыз ішінде көлемі жағынан 30 орында тұрады



Gemini



Жерден Егіздердің
көрінісі





Астрономдар ғарыштағы жұлдыздар саны туралы мөлшері әрқилы. АҚШ астрономы Карл Саган өзінің «Трлионның трлионы» кітабында мынадай жорамал айтады: ғаламда трлион галактика бар. Әр галактикада трлион жұлдыз бар дейді. АҚШ астрономы Чарли Конрой қатарлылардың галактикалар спектріне анализ жасағаннан кейінгі жорамалы бойынша ғаламда шамамен 3×10^{23} жұлдыз бар